



www.hcsbk.kz

Қазақстан Республикасы
А05А2Х0, Алматы қ.,
Абылай хан даң., 91

Тел.: +7(727) 279 35 11
факс: +7 (727) 279 35 68

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС
ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ

Республика Казахстан
А05А2Х0, г.Алматы,
пр. Абылай хана, 91

Тел.: +7(727) 279 35 11
факс: +7 (727) 279 35 68

АО
«ЖИЛСТРОЙСБЕРБАНК
КАЗАХСТАНА»

91, Abylai khan avenue
A05A2X0, Almaty
Republic of Kazakhstan

tel.: +7(727) 279 35 11
fax: +7 (727) 279 35 68

JSC «HOUSE
CONSTRUCTION
SAVINGS BANK OF
KAZAKHSTAN»

Шығ.: № 08/1-16-12/6082

«18» шілде 2020 ж.

АО «Казакстанская фондовая биржа»

ЗАЯВКА

Настоящим Жилищный строительный сберегательный банк Казахстана (БИН 030740001404, КАЗАХСТАН, 050000, Алматы г.а., Алмалинский район, проспект Абылай хана, 91, сотовый: +77017760581, тел: 87272793511 (00334), факс: +7 (727) 272-34-99, e-mail: aidaraliyeva.zh@hcsbk.kz, веб-сайт: mail@hcsbk.kz) направляет текст информационного сообщения «Перспектива выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений» на русском, казахском языке(ах), для размещения/опубликования его на интернет-ресурсе Депозитария финансовой отчетности, представляющего собой средство массовой информации согласно определению, данному в подпункте 3) пункта 2 Правил раскрытия эмитентом информации, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года № 189.

№	№ п.п.	Показатель / Көрсеткіш / Indicator	Содержание информации / Ақпарат мазмұны / Information content
1	2	3	4
21		Перспектива выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений Енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару перспективісі	
1		дата государственной регистрации уполномоченным органом проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг или дата регистрации уполномоченным органом изменений и (или) дополнений в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента эмиссиялық бағалы қағаздар шығару перспективісін уәкілетті органның мемлекеттік тіркеу күні немесе эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспективісіне өзгерістер не толықтыруларды уәкілетті органның тіркеу күні	17.03.2020
2		сканированный вариант проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента в формате PDF, зарегистрированного уполномоченным органом эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспективісін уәкілетті орган тіркеген PDF форматындағы сканерленген көшірмесі	Сканированная копия документа прилагается в разделе эл. отчета "Скан (изменений) проспекта выпуска ЦБ"
3		сканированный вариант изменений и (или) дополнений в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента в формате PDF, зарегистрированных уполномоченным органом эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспективісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулардың уәкілетті орган тіркеген PDF форматындағы сканерленген көшірмесі	Сканированная копия документа прилагается в разделе эл. отчета "Скан (изменений) проспекта выпуска ЦБ"
4		электронный вариант проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспективісін оған енгізілген өзгерістері және (немесе) толықтырулары ескерілген электрондық нұсқасы	Электронный вариант (с учетом изменений) проспекта выпуска ЦБ
При получении эмитентом от уполномоченного органа в течение одного рабочего дня нескольких зарегистрированных изменений и дополнений в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента допускается предоставление информации посредством представления эмитентом одной заявки, содержащей информацию по нескольким таким изменениям и дополнениям в проспект.			
Эмитент бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органдан эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару перспективісіне бірнеше өзгерістер мен толықтырулар алған жағдайда, эмитенттің перспективісіне енгізілген осындай бірнеше өзгерістер мен толықтырулар бойынша ақпаратты қамтитын бір өтінім ұсынуы арқылы ақпарат беруіне рұқсат етіледі.			

Председатель Правления

Ибрагимов Л.Е.

Исп. Айдаралиева Ж.Н.
Тел. 87272793511 (00334)

110017

«Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» республикалық мемлекеттік мекемесі
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «Республиканское государственное учреждение "Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка"»

Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций


Дата выдачи: 17.03.2020 г.

Номер: KZ00VHA00000619

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию третьего выпуска облигаций в пределах второй облигационной программы Акционерного общества «Жилищный строительный сберегательный банк Казахстана» (Республика Казахстан, город Алматы, Алмалинский район проспект Абылай хана, дом 91), зарегистрированного по бизнес-идентификационному номеру 030740001404. Выпуск разделен на 90 000 000 (девятьсот миллионов) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00006633. Номинальная стоимость одной облигации 1 000 (одна тысяча) тенге. Объем выпуска облигаций составляет 90 000 000 000 (девятьсот миллиардов) тенге.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна



**«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі»
акционерлік қоғамының
екінші облигациялық бағдарламасы шегінде
мемлекеттік емес облигациялардың үшінші
шығарылымының проспектісі**

эмитенттің толық атауы: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы
эмитенттің қысқаша атауы: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ

«Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.»

Алматы қ., 2020ж.

1. Осы облигациялар шығарылымы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Эмитент) екінші облигациялық бағдарламасы проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні:

Облигациялардың үшінші шығарылымының проспектісі (бұдан әрі - Проспект) уәкілетті органға эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының проспектісімен бір уақытта мемлекеттік тіркеуден өту үшін ұсынылатындықтан, көрсетілмейді.

2) облигациялық бағдарламаның шығарылымы жүзеге асырылатын шегіндегі көлемі:

210 000 000 000 (екі жүз он миллиард) теңге

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша бөлек жеке), оның ішінде:

Проспект уәкілетті органға эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының проспектісімен бір уақытта мемлекеттік тіркеуден өту үшін ұсынылатындықтан, көрсетілмейді.

облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) тіркеу күні:

облигациялардың түрі және саны:

шығарылымның атаулы құны бойынша көлемі:

орналастырылған облигациялар шығарылымының саны;

облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақша көлемі:

осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:

сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны:

эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:

<p>облигациялар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі:</p> <p>облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда:</p> <p>ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары:</p>	
3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:	
1) облигациялардың түрі:	Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар (бұдан әрі - облигациялар)
2) бір облигацияның атаулы құны (егер бір облигацияның атаулы құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның атаулы құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):	1000 (бір мың) теңге
3) облигациялардың саны:	90 000 000 (тоқсан миллион) дана
4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:	90 000 000 000 (тоқсан миллиард) теңге
5) облигациялар бойынша атаулы құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:	<p>Атаулы құнның валютасы – теңге. Барлық төлемдерді (сыйақы және негізгі қарыз сомасының төлемдерін) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырады.</p> <p>Егер, облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигация ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған банк шоты бар болған жағдайда, облигациялар бойынша сыйақы теңгемен төленеді.</p> <p>Төлем жүргізу кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастауға: Эмитент тиісті төлем жасалатын күнге дейін 5 (бес) күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигация ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жасалған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға</p>

	<p>(тек қана АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигация ұстаушының есебінен жасалады.</p> <p>Қазақстан Республикасының резиденті - облигация ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемдер жасаған кезде, теңгені АҚШ доллары мен еуродан басқа валюталарға айырбастауға жол берілмейді.</p> <p>Эмитенттің айырбастау кезінде пайда болатын шығындары Қазақстан Республикасының бейрезиденті-облигация ұстаушыға аударылуы тиіс сомадан ұсталады.</p>
4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:	<p>Осы шығарылым облигацияларының төлемі қолма-қол ақшасыз түрде ақшамен жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды төлеу тәртібі мен талаптары, есеп айырысу тәсілдері Облигацияларды сатып алу-сатушарттарына сәйкес жүзеге асырылады.</p>
5. Облигациялар бойынша кіріс алу:	
1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):	<p>Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде белгіленген болып табылады және облигациялардың атаулы құнының жылдық 4.05%-ын құрайды.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылмайды.</p>
2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде әрбір 6 (алты) ай сайын, жылына 2 (екі) рет.
3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн:	Сыйақыны есептеу облигациялар айналысы басталған күннен бастап облигацияларды өтеу басталған күнге дейін жүзеге асырылады. Сыйақыны есептеу облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде жүргізіледі және облигациялар айналысының соңғы күнінде аяқталады.
4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:	<p>Сыйақы, оны алуға құқығы бар тұлғаларға және сыйақы төленіп жатқан кезеңнің соңғы күні басталған кезде (Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізімдемелерін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – бекітілген күні) Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесіне тіркелген тұлғаларға төленеді. Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу бекітілген күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүзеге асырылады.</p> <p>Төлем күніндегі сыйақы купондық сыйақының атаулы құны мен жартыжылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша негізгі борыш сомасының төлемімен бірге бір уақытта жүргізіледі.</p>
5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі:	Облигациялар бойынша сыйақы төлемі облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн деген уақыт базасы есебімен жасалатын болады.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері:	Эмитенттің облигациялары арнайы қаржы компанияларының облигациялары болып табылмайды.
2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі:	
3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі:	

7. Секьюритизация кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

1) оригинатордың, кастодиан банкінің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер алымын жүзеге асыратын тұлғаның атауы мен орналасқан жері:	Эмитенттің облигациялары арнайы қаржы компанияларының облигациялары болып табылмайды.
2) секьюритизация мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері:	
3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары, тәртібі мен мерзімдері, және олардың орындалуына бақылау жүргізу тәртібі:	
4) берілген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі:	
5) секьюритизация мәмілесі бойынша қызмет төлеміне байланысты шығыстар, және арнайы қаржы компаниясына осы шығыстарды берілген активтерден шегеруге құқық беретін талаптар:	

6) оригинатордың және секьюритизация мәмілесіне қатысушы тұлғалардың секьюритизацияны қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер:	
7) секьюритизация мәмілесін қамтамасыз ететін берілген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы:	
8) талап ету құқықтары біртектілігінің белгісі:	
9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі:	
8. Облигацияларды орналастыру талаптары мен тәртібі:	
1) облигацияларды орналастыру басталған күн:	Облигациялар айналысының басталған күні
2) облигацияларды орналастыру аяқталған күн:	Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні
3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):	Облигациялар бағалы қағаздардың тек ұйымдастырылған нарығында ғана орналастырылады.
9. Облигациялар айналысының талаптары мен тәртібі:	
1) облигациялар айналысы басталған күн:	"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-да бағалы қағаздарды (облигацияларды) есептен шығару және есепке алу туралы бірінші ыңғайласпа бұйрықтардың орындалғаны туралы бірінші есептің күні
2) облигациялар аяқталған күн:	Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні
3) айналыс мерзімі:	Облигациялар айналысының мерзімі облигациялар айналысы басталған күннен бастап 25 (жиырма бес) жылды құрайды.
4) облигациялар айналысы жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):	Облигациялар бағалы қағаздардың тек ұйымдастырылмаған нарығында ғана айналыста болады.
10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:	
1) облигацияларды өтеу күні:	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 25 (жиырма бес) жыл өткен соң облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі күн.
2) облигацияларды өтеу тәсілі:	Осы шығарылым облигацияларының төлемі ақшамен қолма-қол ақшасыз түрде жүргізіледі. Облигациялар төлемдер жасалатын кезеңнің соңғы күні басталған кездегі жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша (теңгемен) аудару арқылы, облигациялар айналысының соңғы күнінен

	<p>кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы купондық сыйақыны төлеумен қатар, облигациялардың атаулы құны бойынша өтеледі.</p> <p>Төлем жүргізу кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастауға: Эмитент тиісті төлем жасалатын күнге дейін 5 (бес) күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигация ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жасалған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигация ұстаушының есебінен жасалады.</p> <p>Қазақстан Республикасының резиденті - облигация ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемдер жасаған кезде, теңгені АҚШ доллары мен еуродан басқа валюталарға айырбастауға жол берілмейді.</p> <p>Эмитенттің айырбастау кезінде пайда болатын шығындары Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигация ұстаушыға аударылуы тиіс сомадан ұсталады.</p> <p>Облигацияларды өтеу жүргізілетін жер: Қазақстан Республикасы, А05А2Х0, Алматы қ., Алмалы ауданы, Абылай хан даңғ., 91</p>
<p>3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және атаулы құнын төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі:</p>	<p>Қолданылмайды.</p>
<p>11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:</p>	
<p>1) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары:</p>	<p>Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, Эмитент өзінің облигацияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында олардың бүкілайналыс мерзімі ішінде сатып алуға құқылы.</p> <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі, талаптары және мерзімі Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен анықталатын болады.</p> <p>Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент оларды қайталап өткізе алады.</p>

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигацияларды ұстаушылар құқықтарының бұзылуына әкеп соқтырмауы тиіс.

Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент хабарламаны Эмитенттің(www.hcsbk.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің(www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында жариялай отырып, Эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет – ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актіде белгіленген тәртіпте осы шешімді ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушыларға хабарлайды. Хабарлама сатып алу тәртібінің, талаптарының сипаттамасын және облигацияларды сатып алу жүргізілетін күнді көрсетілуін қамтуы тиіс.

Кез келген облигацияларды ұстаушының облигацияларды сатып алу туралы тиісті ақпарат бірінші рет жарияланған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Эмитенттің орналасқан мекенжайы бойынша облигацияларды ұстаушыға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішін жіберуге құқығы бар.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, ерікті түрде өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы өтініш беруі тиіс:

заңды тұлға үшін:

- облигацияларды ұстаушының атауы;
- бизнес - сәйкестендіру нөмірі;
- мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген органы;
- заңды мекенжайы және нақты орналасқан орны;
- телефондары;
- банк деректемелері; сатып алынуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

жеке тұлға үшін:

- облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса, әкесінің аты;
- жеке сәйкестендіру нөмірі;
- жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган;
- тұратын жері;
- телефондары;
- банк деректемелері;
- сатып алынуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Эмитент Эмитенттің атына жоғарыда көрсетілген жазбаша хабарламаларды берген, сондай-ақ сатып алу күнінің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің басындағы жағдай бойынша Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың тізіліміне тіркелген облигациялар ұстаушылардан облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады.

	<p>Эмитент облигацияларды ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарының талаптарына сай облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады. Өздеріне тиесілі облигацияларды сатуды жоспарлап отырған облигация ұстаушылар, Эмитент олардың облигацияларын сатып алып жатқан кезде, бұйрықтарды "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-ның (бұдан әрі-орталық депозитарий) ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте есептен шығаруға беру арқылы өз облигацияларын Эмитентке сатуды жүзеге асырады.</p> <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауы, облигацияларды ұстаушыларға тиесілі облигацияларды Эмитентке сату міндеттемесінің оларда туындауына себеп болып табылмайды.</p> <p>Эмитент облигацияларды сатып алуды Эмитенттің облигацияларды сатып алатындығы туралы тиісті ақпарат бірінші рет жарияланғаннан кейін 35 (отыз бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.</p> <p>Орналастырылған облигациялар (сатып алынғандарын есептемегенде) туралы ақпаратты Эмитент Эмитенттің ресми сайтында (www.hcsbk.kz) жариялайды.</p> <p>Ұстаушылар оларға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарын бермеген облигациялар, осы проспектіде көрсетілген тәртіпте облигациялардың айналыс мерзімі аяқталған кезде өтеледі.</p>
<p>2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері көрсетіледі:</p>	<p>Эмитент облигацияларды ұстаушыларға Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.hcsbk.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны жариялау арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.</p> <p>Жарияланған ақпараттық хабарлама келесідей мәліметтерді қамтуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарыққа (ұйымдастырылмаған) көрсету; - сатып алынатын облигациялардың саны; - облигациялар сатып алудың өткізілетін күні; - есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: <p>ұйымдастырылмаған нарық үшін: (а) облигацияларды ұстаушылардың тізімдемесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге облигациялар ұстаушылардың оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығару жөніндегі бұйрықтарды беруі тәртібі және (б) облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған облигациялардың төлеміне ақша қаражатын аудару тәртібі;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен анықталған сатып алудың өзге де талаптары. <p>Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алуы Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген күні жүзеге асырылады.</p>

12. Егер эмитент облигацияларды шығару кезінде Бағалы қағаздар туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) қабылдаған жағдайда:	
1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:	Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда қарастырылмаған қосымша ковенанттар (шектеулер) осы проспектіде анықталмаған.
2) эмитенттің ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі:	
3) облигацияларды ұстаушылардың ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі:	
13. Айырбасталатын облигацияларды шығарған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:	
1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру, осы акциялар бойынша құқықтар:	Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын болып табылады.
2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталатын болса, онда айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде облигациялар шығарылымы күшінің жойылатындығы көрсетіледі, ал егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталмайтын болса, онда осы шығарылымның сатып алынған облигацияларының бұдан әрі орналастырылмай, айналыс мерзімінің соңында өтелетіндігі көрсетіледі). Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау талаптарын көрсетеді.	
14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық не ішінара қамтамасыз ететін эмитенттің мүлігі туралы мәліметтер:	
1) осы мүліктің бағасын, салық туралы шарттың деректемелерін көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз ету сипаттамасы:	Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.
2) қамтамасыз ету бағасының облигациялар шығарылымының	

жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы:	
3) кепіл затын өндіріп алу айналысы тәртібі:	
15. Кепілдік берген банктің деректері, атауы, орналасқан жері, кепілдік туралы шарттың деректемелері, кепілдіктің мерзімі мен талаптары (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе):	Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.
16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері:	Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.
17. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны нысаналы пайдалану мақсаты:	
1) эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаты:	Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат жергілікті атқарушы органдар тізімінде кезекте тұрған «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ салымшыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында алдын ала және аралық тұрғын үй заемдарын беруге жіберіледі.
2) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі:	Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.
18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:	Облигациялар талап ету құқықтарымен төленбейді.
19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:	
1) эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде қарастырылған облигацияның атаулы құнының мерзімін алу	<ul style="list-style-type: none"> • Эмитенттен проспектіде көзделген мерзімде және тәртіпте облигациялардың атаулы құнын алу құқығы;

<p>немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша белгіленген облигациялардың атаулы құнының пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықты алу құқықтары:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • проспектіде көзделген мерзімде және тәртіпте сыйақы алу құқығы; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте ақпарат алу құқығы; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өздерінің талаптарын қанағаттандыру құқығы;
<p>2) эмитенттің облигацияларды, соның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • облигацияларды иеліктен еркін шығару және басқа жолмен иелік ету құқығы; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы; • бөлінген қаражатты мақсатты пайдалану туралы есеп алу құқығы (жарты жылда бір рет);
<p>3) өзге құқықтары:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар. <p>Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі облигацияларды сатып алуды талап ету құқығының шарттары, тәртібі және өткізу мерзімдері:</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы туындаған жағдайда, Эмитент аталған негіздер орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.hcsbk.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны жариялау арқылы облигацияларды ұстаушыларға облигацияларды сатып алу үшін негіздердің пайда болуы туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Осы ақпарат облигацияларды сатып алу үшін қандай негіздің орын алғандығының егжей-тегжейлі сипаттамасын, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпаратты қамтуы тиіс.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген облигациялар санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтінішін беруге құқылы, ал Эмитент қабылдауға міндетті.</p> <p>Облигацияларды сатып алу жөнінде кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - облигацияларды сатып алу; - облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға; - сатып алынатын облигациялардың саны; - облигацияларды сатып алуды жүргізу күні; - есеп айырысу тәртібі туралы, оның ішінде: (а) <p>облигацияларды ұстаушылардың тізімдемесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге облигациялар ұстаушылардың оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығару</p>

	<p>жөніндегі бұйрықтарды беруі тәртібі және (б) облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған облигациялардың төлеміне ақша қаражатын аудару тәртібі туралы шешімді;</p> <p>- Эмитенттің облигацияларды сатып алын ұйымдастыруға қажетті өзге де шешімдерді қабылдауға міндетті.</p> <p>Эмитент облигацияларды ұстаушыларға Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.hcsbk.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.</p> <p>Жарияланған ақпараттық хабарлама келесідей мәліметтерді қамтуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға; - сатып алынатын облигациялардың саны; - облигацияларды сатып алуды жүргізу күні; - есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) облигацияларды ұстаушылардың тізімдемесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге облигациялар ұстаушылардың оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығару жөніндегі бұйрықтарды беруі тәртібі және (б) облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған облигациялардың төлеміне ақша қаражатын аудару тәртібі; <p>- Эмитенттің облигацияларды сатып алуын ұйымдастыруға қажетті өзге де ақпарат.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады:</p> <p>а) осы проспектімен көзделген дефолт оқиғасы орындалған жағдайда.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын жүзеге асыру мерзімдері мен тәртібі осы проспектінің 20-тармағында көрсетілген.</p> <p>б) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.</p>
<p>20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялар бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:</p>	
<p>1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялар бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбегі:</p>	<p>Дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау.</p> <p>Эмитенттің облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу бойынша</p>

	<p>міндеттемелерін осы проспектімен көзделген негізгі борыш сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімі ішінде ішінара немесе толық орындамауы, Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») болып табылады.</p>
<p>2) облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар, соның ішінде, облигацияларды ұстаушыларының облигациялардың кіріс төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін қоса, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптары:</p>	<p>Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушыларға облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу (нақты төлем күні) бойынша ақшалай міндеттеменің орындалу күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып, мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін өсімпұлды есептеуге және төлеуге міндетті (өсімпұлды есептеудің соңғы күні нақты төлем күні болып табылады).</p> <p>Эмитент Дефолт оқиғасының туындағаны туралы ақпаратты облигация ұстаушыларға осы тармақтың 3)-тармақшасында көрсетілген мерзімде, тәртіпте және тәсілдерді қолдана отырып жеткізеді.</p> <p>Егер міндеттемелерді орындамау еңсерілмейтін күш жағдайының салдары болып табылса, Эмитент осы проспекті бойынша өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағандығы үшін жауапкершіліктен босатылады.</p> <p>Еңсерілмейтін күш жағдайлары дегенде олардың туындайтынын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар (табиғи құбылыстар, әскери іс-әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салушы немесе шектеуші сипаттағы актілері және т.б.) ұғынылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы проспекті бойынша өзінің міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне шамалас шегеріледі.</p> <p>Эмитент Дефолт оқиғасының туындағаны туралы ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде, облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін, болмаса сатып алуға мәлімделген облигациялар санын көрсетіп, жиналған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың атаулы құнына сәйкес келетін бағамен облигацияларды сатып алу туралы облигациялар бойынша талап ету құқықтарын қабылдауды жүзеге асыруға міндетті (облигациялар бойынша талап ету құқықтары).</p> <p>Эмитент Дефолт оқиғасының туындағаны туралы ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыртуға және өткізуге міндетті.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелермен қатар, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы мәселелер кіргізілуі тиіс, ол облигациялардың көлемін, болмаса ұстаушылардың сатып алуға мәлімдеген</p>

	<p>облигациялар бойынша талап ету құқықтарын және (қажет болған жағдайда) осы проспектіге ықтималды өзгерістер жобасын ескере отырып жасалуы тиіс.</p> <p>Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмей, Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруі мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ егер Эмитент борышкер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамамен көзделген мерзімде, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және облигациялар ұстаушылардың алынған жазбаша талаптарымен облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған болса, Эмитент пен облигацияларды ұстаушылардың бұдан кейінгі әрекеттері немесе облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.</p> <p>Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімі бойынша, соның ішінде облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, Эмитенттің Директорлар кеңесі қабылдайды. Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, Эмитент келіссөздер жүргізу арқылы облигацияларды ұстаушылармен міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын уағдаласады.</p>
<p>3) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларының назарына орындалмаған міндеттемелерінің көлемі, орындалмаған міндеттемелерінің себебі, облигацияларды ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін іс-әрекеттерінің тізбегі, облигацияларды ұстаушыларының эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметі</p>	<p>Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы туындаған кезде, Эмитент осындай Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.</p> <p>Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық хабарламаны Эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарында белгіленген тәртіпте Эмитенттің(www.hcsbk.kz)ресми интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушыларға хабарлайды.</p> <p>Эмитенттің ақпараттық хабарламасы келесідей мәліметтерді қамтуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дефолт оқиғасының орын алуын туындатқан себептердің егжей-тегжейлі сипаттамасы;

<p>бар дефолт фактісі жайында ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі және әдісі:</p>	<ul style="list-style-type: none"> - орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер; - облигациялар ұстаушылардың Эмитентке талаппен жүгінуінің тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтималды іс-әрекеттерінің тізімі; - Эмитент Дефолт оқиғасының орын алуын туындатқан себептерді жою үшін қолданған немесе қолданатын шаралар; - облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні; - Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат. <p>Көрсетілген ақпаратты ашуды өзге заңды тұлғаға тапсыру көзделмеген.</p>
<p>4) эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, тұлғаның толық атауы және заңды тұлғаның (сондай тұлға бар болса) мемлекеттік тіркеуден өткен күні мен нөмірі:</p>	<p>Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғалар – жоқ.</p>
<p>21. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы:</p>	<p>Эмитенттің ақшалай қаражаттарының ағындары мен көздерінің болжамы Облигацияларды шығару проспектісінде көрсетіледі.</p>
<p>22. Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларының өкілі туралы мәлімет (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық және ипотекалық облигацияларды шығарған жағдайда):</p>	
<p>1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы:</p>	<p>Осы шығарылым бойынша облигациялар ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.</p>
